

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға

Адам өміріндегі ең қымбат жанның бірі – ұстаз. Ұстаз! Осы бір сөздің өзінде көп мағына жатыр. Ұстаз білімнің отын жағып, бал-шырын нәрін шәкірт бойына сіңірудің әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген мұғалім болу – адам бойындағы ұлы қасиет. Ол жүректің батырлығын да, сезімнің ақылдылығын да, мінездің жайлылығын да, білімнің байлығын да топтастырып, бір арнаға тоғыстыратын, бір сөзбен айтқанда ұстаз – асыл қасиеттердің жиынтығы. Олай болса, сондай ұлағатты ұстаздардың бірі – біздің Ырысалды Бақытқызы екені анық.

Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол сәуле Ырысалды апайымыздың бойынан табылады. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіру үшін қаншама тер төкті десенізші! Ол өзін барлық жағынан кіршіксіз таза ұстаған, дүниеге және атаққа қызықпаған, тура жолды таңдай білген қарапайым, жаны таза, кісілігі мол асыл ана, адал жар бола білді.

Ырысалды Бақытқызы жүрек жылуын, адамгершілік қасиеттерін студенттердің бойына сіңіре білген және өз әріптестерінің отбасыларымен тығыз қарым-қатынаста болып, үнемі оларға жанашыр, қамқоршы болып келеді.

Ол кісінің Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында 35 жыл бойы қажырлы еңбек етіп және шәкірттерін заман талабына сай оқыту

жолында жасаған жемісті еңбегі кейінгі жастарға үлгі – өнеге болары сөзсіз. Осындай жолда өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудегі қосқан үлесі ұшан-теңіз және айрықша екенін бәріміз де жақсы білеміз. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына сіңірген еңбегі үшін бірнеше рет мақтау қағаздарымен және «Ұлы ағартушыға 175 жыл» естелік төсбелгісімен марапатталды.

43 жыл ұстаздық жолында шәкірттер тәрбиелеумен қатар өзіне «Жан ана» деп еркелейтін ұл – қыздарын ержеткізіп отырған ардақты Ырысалды Бақытқызының ұлы Данияр Алматы қаласында өнер саласы бойынша қызмет атқарса, қызы Гүлдана Астана қаласында мұғалім болып жұмыс істейді. Сүйкімді кенже қызы Аружан қаламыздағы А.Құнанбаев №6 орта мектептің 10 сыны-



бында білім алып жатыр.

Ұжымымыздың әрдайым ақылшысы, білікті ұстаз, өз ісінің маманы – Ырысалды апайымызды біз әрқашан да мақтан тұтамыз, кейде тіпті осы кісіге ұқсағымыз да келеді, шапшаң, көпшіл, қонақжай, жайдарлы мінездері бізді қызықтырады. Сондықтан да аяулы ұстаз, Ырысалды Бақытқызы сізге баршамыз құрмет-

пен бас иеміз.

Алдағы уақытта деніңізге саулық, баянды бақыт, немере – шөберелеріңіздің қызығына тоймай, бейнеттің зейнетін көріңіз демекпін.

Әлия ЕЩАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ,
ақпараттық-кітапханалық кешеннің
кітапханашысы